

Умбетов М.Н.
**Халықаралық деңгейдегі адам
құқықтарын қорғаудың негізгі
проблемалары**

Жұмыстың мақсаты адам құқықтарына байланысты туындаған мәселелерді шешудің кешенді жүйесін дайындау. Жұмыстың әдістемелік негізі жалпы адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауға байланысты шет елдік және отандық ғылымдардың ғылыми зерттеулері құрады. Зерттеу жүргізу барысында жүйелік талдау, эксперттік бағалаулар және тағы басқа ғылыми әдістер қолданылды.

Адам құқықтарына қатысты халықаралық заң қолдану тәжірибесі. Халықаралық масштабтағы адам құқықтарына байланысты қиындықтардың бір қыры – оларды қалай пайдалану керектігіне байланысты.

Түйін сөздер: халықаралық құқық ұйымы, адам құқықтары, халықаралық шарттар.

Umbetov M.N.
**Rights human on
international level**

The aim of the work is to address human rights issues arising in connection with the preparation of a complex system. The methodological basis of the work related to the protection of human rights at the international level, both foreign and domestic science research. During the study, the analysis of the system, reputation and other scientific methods.

Experience in the application of international human rights law. One aspect of the problems related to human rights on the international level – how to use them.

Key words: International organization of right, right human to protect.

Умбетов М.Н.
**Основные проблемы прав
человека на международном
уровне**

Целью работы заключается в рассмотрении вопросов прав человека, возникающих в связи с подготовкой комплексной системы. Методологической основой работы, связанной с защитой прав человека на международном уровне, как иностранных, так и отечественных исследований науки. В ходе исследования изучается опыт применения международного права в области прав человека. Одна из аспектов проблем, связанных с правами человека на международном уровне – как ими пользоваться.

Ключевые слова: международная правовая организация, права человека.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДЕНГЕЙДЕГІ АДАМ
ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Адам құқығы мен бостандығы нормалары мен қағидалар негізінде жаратылыс құқығы жатыр. Онда бостандық, әлеуметтік, заң алдындағы теңдік, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық шендігі идеялары бектілген.

Жеке тұлға халықаралық құқық субъекті БҰҰ уставында көрсетілгендей жеке тұлға халықаралық органдармен тікелей байланыста бола алады. Бұл құбылыс өте маңызды халықаралық органдарды өзіндік статус алған жеке тұлға қандай да болмасын мемлекеттік азаматы болатындығына қарамастан өз құқықтарын қорғауға мүмкіндіктері бар.

Халықаралық әдебиеттерінде жеке тұлғалар өкініштерін қағаз мәселесінде қарама-қайшылықты көзқарастар кездесуі. Кейбір авторлар оның пайдасын жоққа шығарса, екіншілері тиімді екенін дәлелдейді.

Халықаралық құқық ұйымының мағынасы – арнайы конференциялар және үкіметаралық қатынастардың басқа да формаларына баяндалған, көпшілік қабылдаған халықаралық қоғамның қағидалары дегенді білдіреді.

Халықаралық құқық адам қызметінің көптеген қырларын қамтиды. Мәселен, төмендегідей нормалар бар:

- теңіздер кеңістігін тек қана сауда-саттық мақсатында және тасымал үшін пайдалану туралы;
- қарулы қақтығыстар және соғыс тұтқындары туралы;
- балаларды жұмыс орнында қанаудан қорғау туралы;
- ұлттық азшылықтардың тілі мен мәдениетін қорғауы туралы.

Халықаралық масштабтағы адам құқықтарына байланысты қиындықтардың бір қыры – оларды қалай пайдалану керектігіне байланысты. Жиі кездесетін құбылыс – аталмыш келісімге қол қойған тараптар кей жағдайда Адам құқықтарын ең көп бұзушылардың өзі болып табылады. Жоғарыда атап өткендей дүниежүзілік полиция күштері деген болмайды, яғни конвенциялардың орындалуын қадағалайтын ешкім жоқ. Адам құқықтарына қатысты халықаралық заң қолдану тәжірибесі үкіметтер қабылдаған заңдарын өз елдерінің аумағында өздері қорғауға келісім бергенде ғана сәтті болары айқын. Бұл мағынада адамның құқықтары туралы заңдар күш қолдануды қажет етпегенде және өздігінен басқарылатын болғанда ғана

қызмет етіледі. Идеялық жағдайда ол заңды іске асыру үшін адам құқықтарын қорғайтын жалпы әлемдік полицияның қажеті болмауы керек.

Бұл идеалда, ал шынайы өмірде алайда, адам құқықтарын аяққа басу өте жиі кездеседі, ал әлемнің кейбір жерлерінде ол үйреншікті көрініс және тым шектен шыққан формада кездесіп отырады. Біз мына сияқты жағдайларды айтып отырмыз – тұтқындалғандардың құқықтарының бұзылуы, оларды қинау, сондай-ақ қосымша заседательдердің қатысуынсыз бекітілген өлім жазалары, немесе полиция әлде армия тарапынан соттан тыс жағдайларда кісілердің өлтірілуі.

Аталған жағдайларда кейде сырттан араласу қажет болады. БҰҰ адам құқықтары ұдайы және дөрекі түрде бұзылатын жерлерде әрекет етуге өкілетті. Қауіпсіздік Кеңесі бірқатар интервенцияларға рұқсат бере алады, соның ішінде мүше елдерінің армияларынан құрылған БҰҰ күштерінің араласу шарасы да бар.

Демек адам құқықтары туралы заңдарды күштеп қолдануы БҰҰ дәрежесіне ұдайы саяси пікірталастар тудыруда және ол пікірталастар адамдар құқығын сақтау мәселесінен жиі-жиі ауытқып кетеді. Мысалы, жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдығына Балканда орын алған халықаралық әскери интервенция онда тұратын ұлттық азшылықтардың құқығын қорғауды мақсат тұтты. Алайда, сол сияқты басқа да жерлерде орын алған ұлттық азшылықтардың құқығын аяққа басу фактілері әлемдік қауымдастық назарынан тыс қалды.

Халықаралық ұйымдар тарапынан адам құқықтары мәселесін қорғаудың басқа да жолдары бар. Тарих барысында әскери қылмыс адамдар жоғарыда аталған мемлекеттердегі соттардың алдында жауапқа тартылуы тиіс.

Алайда тарих көрсеткендей Қауіпсіздік Кеңесіне мүше елдеріне әлде бір елдің ісіне араласуға рұқсат беруі, әсіресе адам құқықтары бұзылған жағдайда оңайға соқпайды. Мәселен, адам құқықтарын аяққа басқаны үшін Қытай тарапына көп сын айтылып жүр, ал бұл ел Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты да ықпалды мүшесі болып табылады. Қырғи қабақ соғыс кезінде Қауіпсіздік Кеңесіне қандай да бір келісімге келу оңай емес еді. Кеңес Одағы ыдырағаннан бері елдер арасындағы салқындық сызы бәсеңдегенмен, бәрі бір белгілі бір алауыздық мүшелер арасындағы әлі күнге шейін орын алып келеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың ақырында неміс қаласы Нюрнбергте халықаралық әскери трибунал құрылған еді, ол нацистік әскери қыл-

мыскерді әлем мен адамзатқа қарсы жасалған қылмыстары үшін айыпталды.

Бүгінгі таңда Халықаралық Сот Гаагада, Нидерландыда орналасқан, ол 15 судьядан құралды. Халықаралық Сот халықаралық заңдар бойынша және аумағы жерге байланысты таластардан бір ел арқылы жүріп өту сұрақтарына шейін созылатын мәселелерді, сонымен қатар адам құқықтарының бұзылуы және адамзатқа қарсы қылмыстарды қарастырып шешім қабылдайды.

Босниядағы соғыс кезінде адам құқықтарын аяққа басқан деп айыпталатын әскери көсемдер бүгінгі күні Гаагадағы әскери Қылмыстар Трибуналы сотының алдында жауап беруде. Кей жағдайда Қылмыс жасағаны үшін айыпталар халықаралық күштер арқылы тұтқындалып Голландияға соттық іс қарастыруға күштеп жеткізілді.

Халықаралық шарттардың нормаларын тікелей пайдалану қажеттілігі туралы көптеген елдердің мамандары мәлімдейді. 2002 жылы 18-20 тамызда қоршаған орта бойынша БҰҰ Бағдарламасы (ЮНЕП) аясында Йоханнесбургте (Оңтүстік Африка) құқықты тұрақты дамыту және рөлі бойынша жаһандық Симпозиумы өтті, оның жұмысына әлемнің 60-тан астам мемлекетінің сот билігі жүйесі өкілдері, сонымен қатар Қазақстаннан да өкілдер қатысты. Симпозиум қатысушылары құқықтың рөлі мен тұрақты дамуы туралы Йоханнесбург қағидалары деп аталатын Судьялардың Бүкіл-әлемдік Симпозиумының қорытынды құжатын қабылдады. Бұл құжат заңдарды қолдану және орындау арқылы құқықтың тұрақты дамуы мақсатына жетуге бағытталған. Құжатта «... ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейде сот процесіне үлесін қосатын сот органдарының мүшелері мен тұлғалар халықаралық және ұлттық құқықтың сақталуын, жүзеге асырылуын және қолданылуын қамтамасыз етуге көмектесетін басты әріптес болып табылады. Судьялар ұлттық заңнамадан басымдыққа ие халықаралық шарттардың тікелей қолданылуының міндеттілігін және олардың барлық жерде орындалуын назарға алуы тиіс».

Американдық ғалым көбіне саяси-құқықтық сипаты бар мемлекетаралық қатынастар туралы ой қозғайды және бұл жерде соттардың атқарушы билік дайындаған сыртқы саясат қағидаларымен ортақтығы туралы әңгіме болуда, ал бұл посткеңестік елдерге тән. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттардың халықаралық құқық нормаларын қолдануын сөз еткенде Ресей Федерациясының тәжірибесі қы-

зық көрінеді. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттардың халықаралық құқықты дұрыс және біртекті қолдануын қамтамасыз ету мақсатында 2003 жылы 10 қазанда Жоғары Сот Пленумының «Халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидалары мен нормаларын және Ресей Федерациясының халықаралық шарттарын жалпы юрисдикция соттарының қолдануы туралы» Қаулысы қабылданды. Қаулыда Ресей Федерациясының халықаралық шарттары халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидалары мен нормалары бірге мемлекеттің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болады деп жазылған. Сонымен қатар, Ресей Федерациясы құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігіне Ресей бұрынғы КСРО-ның мұрагері ретінде мойнына халықаралық құқықтар мен міндеттемелер алған КСРО халықаралық шарттары жатады.

Халықаралық құқық нормаларын қолдану мәселесіне заңгер ғалымдар да араласа бастады. Г.В. Игнатенко Ресей заңнамасында халықаралық шарттардың тікелей қолданылуы туралы нақты нормалардың жоқтығын атап көрсетті. Осы мәселені дамытас отырып,

Т.К. Нешатаева (РФ Жоғары Арбитраждық Сотының судьясы) РФ соттарының халықаралық құқық қағидаларына қатысты әрекеті оның жалпыға танымал қағидаларына сәйкес еместігін айтса, П.А. Лаптев (Еуропадағы адам құқықтары бойынша соттағы РФ өкілі) «біздегі сот төрелігінің кемшілігі» ақылға қонымды мезгіл қағидасының бұзылуы деп тұжырымдады.

Халықаралық және ұлттық құқық қатынастары мәселелерін зерттеу бірте-бірте юриспруденцияға толық бағытпен ауысады және аталған жұмыс осы мәселені талдауға талаптанған тұңғыш жұмыстардың қатарына жатады.

Сөз соңына айтарым, бүгінгі күні адам құқығы туралы сан қилы келіспеушілік пен талас орын алғанымен, бүкіл әлемде үкімет атаулы өздерінің ол құқықтарды мойындайтынын және оларды іске асыру үшін жүзеге асатыны – азаматтық қоғамның үкіметтің және халықаралық ұйымдардың іс әрекетіне байланысты. Олар қашан да қол ұстаса қимылдап, адам құқықтары туралы құжаттардың құр сөз ретінде қалып қоймауын қадағалай алады.

Әдебиеттер

- 1 Гумилев Л.Н. Этносфера. История людей и история природы. – М.: Экопрос, 1993. – 544 с.
- 2 Гуль А.К. Соотношение международного и внутрисударственного права в практике стран Ближнего Востока (на примере Ливана, Сирии и Израиля): автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – М., 1988. – 16 с.
- 3 Правовая система социализма: В 2-х кн. / редкол.: В.Н. Кудрявцев и др.; Ин-т гос-ва и права АН СССР. – М.: Юрид. лит., 1986. – Т. 2. – 326 с.
- 4 Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения / под ред. Г.Н. Складчиковой. РАН, Институт лингвистических исследований. – СПб.: Изд-во «Фолио-Пресс», 1998. – 702 с.
- 5 Токаева А. Не имей сто рублей, а имей сто друзей, или Во сколько республике обходится членство в международных организациях // Экспресс К. – 2003, 6 июня.

References

- 1 Gumilev L.N. Jethnocfera. Ictoriija ljudej i ictoriija prirody. – M.: Jekoprocc, 1993. – 544 c.
- 2 Gul' A.K. Cootnoshenie mezhdunarodnogo i vnutrigocudarctvennogo prava v praktike cтран Blizhnego Voctoka (na primere Livana, Cirii i Izrailja): Avtoref. dic. ... kand. jurid. nauk. – M., 1988. – 16 c.
- 3 Pravovaja cictema socializma: v 2-h kn.//Redkol.: V.N. Kudrjavcev i dr.; In-t goc-va i prava AN CCCR. – M.: Jurid. lit., 1986, t.2. – 326 c.
- 4 Tolkovoj clovar' rucckogo jazyka konca HH veka. Jazykovye izmenenija //Pod red. G.N. Ckljarevckoj. RAN, Inctitut lingvicticheckih icclcdovanij. – CPb.: Izd-vo «Folio-Precc», 1998. – 702 c.
- 5 Tokaeva A. Ne imej cto rublej, a imej cto druzej, ili Vo ckol'ko republicke obhoditca chlenctvo v mezhdunarodnyh organizacijah//Jekcprecc K. – 2003, 6 ijunja.